

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 11 мамырдағы "Павлодар облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 123/1 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2024 жылғы 7 қарашадағы № 257/2 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 65-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережеге сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 11 мамырдағы "Павлодар облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 123/1 қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

18-тармақ мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) шағымды қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдер қабылдайды".

2. "Павлодар облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы

С. Батырғужинов